ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 17 мамыр №4360-23-00-2/558 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
А. Абдраимованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Qaz TL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Т. Каримов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) 2023 жылғы 15 ақпанда №32 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1-тармағына және 1-қосымшаға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 94 890 теңгеге өлшеу құралдарын тексеру бойынша қызметтерді 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 1 наурызда орындауды міндеттенген.

Жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамаған, бүгінгі таңда Шарт бұзылған.

Талап қоюшы жауапкер Шарт бойынша алған міндеттемелерін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Сотта талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, өз уәждерін келтіріп, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сотқа жазбаша пікірін ұсынбады және сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанымен, сот отырысына

дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4,6-бөліктеріне сәйкес,сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі-АК) 272, 273-баптарына сәйкес, міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуғы тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-ң 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 386-бабының 1-тармағына сәйкес шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағының 3-тармақшасының, 38-бабы 4-тармағына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сот, талап қоюшы өкілінің түсінігін тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерттеп, дауды шешу үшін маңызды мән-жайларды анықтап, келесі қорытындыға келеді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер талап қоюшыға Шарт бойынша міндеттемесін орындамаған.

Сот, жауапкердің шарттық міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп есептейді.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексінің 616-бабының 30-тармағына сәйкес талап қоюшыға 1 725 теңге мемлекеттік баж кері қайтарылуға жатады.

Талап қоюшы 2023 жылғы 28 наурызда талап қоюымен сотқа жүгінген.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 21.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Умарсирикова С. С., 30.06.2023

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Qaz TL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Qaz TL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Талап қоюшы «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына артық төленген 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж бюджеттен кері қайтарылсын.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Умарсирикова**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 21.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Умарсирикова С. С., 30.06.2023